

«Ақмола облысы білім басқармасының Шортанды ауданы бойынша білім бөлімі Жолымбет кентінің № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қамқоршылық кеңесінің кезекті отырысы
Хаттама № 2

Мерзімі: 09.04.2024 ж.

Қатысқандар: 6
Қатыспағандар: 3

Күн тәртібінде:

1. «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өткен «Қайырымдылық» күніне орай балалардың жазғы демалысын қамтамас ету. «ҚН Жаздық жолдама – 2024 ж.» жобасы аясында берілген 3 жолдаманы әлеуметтік жағдайы төмен, жетім және дарынды, мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді, аудандық, облыстық жарыстардың, байқаулардың жеңімпаздарын тандап, жолдамаларды үлестіру.

1. Қамқоршылық кеңестің жиынына мектеп директоры А. Молдобаева, оқу ісінің меңгерушісі Шайзан Алия, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Амет Естай және қамқоршылық кеңестің мүшелері қатысты.

Алдымен сөз алған мектеп директоры А. Молдобаева «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өткен «Қайырымдылық» күніне орай балаларға жазғы демалысты ұйымдастыру мақсында сауықтыру лагеріне берілген жолдамаларды таныстырды. Жолдамалар 5-8 сыныптың оқушылар арасында, дарынды, мектептің үздік оқушылары, аудандық, облыстық байқаулардың жүлдегерлері, мектеп өміріндегі белсенді, әлеуметтік жағдайы төмен отбасылары ішінен таңдалуы қажет. Барлық талаптар ескеріле отырып, қамқоршылық кеңестің мүшелері, мектеп әкімшілігі бір ауыздан 5 сынып оқушысы, оқу озаты Махамбет Назым;- 5 сынып оқушысы, көп балалы отбасынан, мектептің қоғамдық іс - шараларына белсенді қатысатын, жас әнші Заркеш Асанали, аудандық, облыстық байқаулардың жүлдегері, әнші, музыка мектебінің шәкірті 6 «Ә» сынып оқушысы Коркытбекова Дильназ таңдалды.

Қаулы: Мектеп әкімшілігі мен қамқоршылық кеңес мүшелерінің келісімімен «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Наурыз мерекесі аясында өткен «Қайырымдылық» күніне орай балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру. «ҚН Жаздық жолдама – 2024» жобасы аясында берілген жолдамалар 5 сынып оқушылары Махамбет Назым, Заркеш Асанали, 6 «Ә» сынып оқушысы Коркытбекова Дильназ таңдалды.

Мектеп директоры:



Хатшы

А. Молдобаева
Икарқызы Қымбат